



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

# Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасындағы теміржол көлігінің  
қызметі туралы*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы басқармасы

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Лапиев Ерік Серікұлы

### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гүлмира Сайлаубекқызы

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел көшесі 8, 4-кіреберіс.

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

e.lapiev@economy.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-93-15

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Көлік статистикасын қалыптастырудың негізі көлік кәсіпорнының статистикалық есептері болып табылады, олардың бірі "Теміржол желісінің пайдаланымдылық ұзындығының қашықтығы және теміржол көлігінің жұмысы туралы есеп" 1-ЖД және "Теміржол көлігінің жылжымалы құрамы туралы есеп" 2-ЖД нысандары болып табылады.

Министрліктер, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар негізгі пайдаланушылар болып табылады. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінде ықтимал пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдарының, сонымен қоса "Атамекен" ҰКП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтары) отырыстары өткізіледі, онда жалпы мемлекеттік статистикалық нысандар көрсеткіштерінің актуальдығы және ведомстволық статистикалық нысандар көрсеткіштерімен және әкімшілік деректер нысандарымен қайталауды болдырмау мәніне егжей-тегжелігі талдау жүргізіледі. Пайдаланушылармен кері байланыс ҚР ҰЭМ сайтында ([www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz)) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің блогы арқылы жүзеге асырылады.

## S.3 Метадеректерді жаңарту

### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

## S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

### S.4.1 Деректерді сипаттау

Жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігіндегі статистикалық байқаудың объектілері жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, жылжымалы құрам, жол және жол шаруашылығы, тасымалданатын жүктердің сақталуы, тасымалдау қызметінен түскен қаржылық нәтижелер болып табылады.

Жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігіндегі статистикалық байқаудың бірлігі теміржол, теміржол бөлімшесі, станция, теміржол көлігі кәсіпорны болып табылады.

Айлық және жылдық кезеңділіктегі статистикалық нысандардың деректері теміржол көлігі статистикасы бойынша деректерді қалыптастыру үшін ақпараттық база болып табылады.

Тасымалдау көлемін есепке алу мынадай үлгіде жүзеге асырылады:

- 1) теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау жүктің келуімен есепке алынады;
- 2) жөнелту деп бір пунктіден екінші пунктіге жөнелтілген және тасымалдау құжаттарымен ресімделген жекеменшік (меншікті) және бос күйінде жалға алынған вагондардағы жүктің, жолжүгінің, жүк – жолжүгінің жеке партиясын айтады;
- 3) тоннамен есептегендегі тасымалданған жүктер саны жүк ыдысының салмағын, санымен қатар тасымалдау кезінде қолданылатын барлық аспаптар мен жабдықтардың салмағын қоса алғанда, тасымалдау құжаттарында көрсетілген салмаққа сүйене отырып анықталады;
- 4) тоннамен есептегендегі тасымалданған жекеменшік (меншікті) немесе бос күйінде жалға алынған вагондардың саны әрбір вагон ыдысының салмағына сүйене отырып анықталады;
- 5) теміржол көлігіндегі жүк айналымы жеке меншік (меншікті) және бос күйінде жалға алынған вагондардың жүрісін есепке алумен көрсетіледі, тасымалдау арақашықтығына тоннамен әрбір жөнелтудің салмағы көбейтіндісінің сомасы ретінде есептеледі, тонна километрмен өлшенеді;
- 6) жолаушыларды жөнелту топтық билеттер, жүк құжаттары, абонементтік және басқа билеттер бойынша жасалған, осы кезеңге келетін жолаушы сапарларды есепке ала отырып, осы есепті кезеңде сатылған және тегін берілген билет санына байланысты анықталады;
- 7) теміржол көлігіндегі жолаушылар айналымы жолаушы – километрмен есептегендегі жол бөлімшесінің, теміржолдың және желінің жолаушылар тасымалы бойынша орындалған жұмыс көлемін сипаттайды, ол тасымалданған жолаушылар санын есепке алынған тасымалдау арақашықтығына көбейтумен есептеледі;

8) жүк тасымалдарынан түскен табыс тасымал төлемінен, жекеменшік (меншікті) және жалға алынған вагондардың бос жүрісі үшін төлемнен, қосымша алымдардан, теміржол әкімшіліктері арасындағы жүк тасымалдары үшін есептесулерден қалыптасады;

9) жолжүкті тасымалдаудан түскен табыс тасымал төлемі және жолжүгі түбіртегінде көрсетілген қосымша алымдар сомасы бойынша анықталады;

10) жолаушылар тасымалынан түскен табыстар тасымал төлемі және жылдамдық, жатын орын, купелі, жұмсақ вагонда жол жүру үшін әртүрлі қосымша төлемдер сомасын қамтиды. Жолаушылар тасымалынан түскен табыстарға жолаушыларды тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтерге бөлінген дотациялар және субсидиялар қосылады.

Теміржол көлігінің инфрақұрылымы теміржол жолдарын қамтиды, олар негізгі, екінші дәрежелі және запастағы теміржол жолдарына бөлінеді.

Жылжымалы құрам локомотивтерді, автомотрисаларды, жүк және жолаушылар вагондарын қамтиды.

#### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КӨЖ - Заңды тұлғалардың өлшемділігі жіктеуіші;
- 5) ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші.

Аталған жіктеуіштер Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсындағы "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) Жіктеуіштер бөлімінің басты бетінде орналастырылған.

#### S.4.3 Секторлық қамту

Қызметкерлерінің санына қарамастан, қызметтің негізгі түрі – қалааралық жолаушылар теміржол көлігі (Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 49.1-кодына сәйкес) және жүк теміржол көлігі (ЭҚЖЖ коды 49.2) болып табылатын, сондай-ақ теміржол желісінің пайдаланымдылық ұзындығын ұсыну бойынша қызметтерді көрсететін заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

- 1) Теміржол көлігі қызметінің көрсеткіштерін қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 шілдедегі № 145 бұйрығымен бекітілген

көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі негіз болып табылады;

2) Респонденттер тобы: Қызметкерлерінің санына қарамастан, қызметтің негізгі түрі – қалааралық жолаушылар теміржол көлігі (Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 49.1-кодына сәйкес) және жүк теміржол көлігі (ЭҚЖЖ коды 49.2) болып табылатын, сондай-ақ теміржол желісінің пайдаланымдылық ұзындығын ұсыну бойынша қызметтерді көрсететін заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.

3) Құралдар: «Теміржол желісінің пайдаланымдылық ұзындығының қашықтығы және теміржол көлігінің жұмысы туралы есеп» (коды 181112103, индексі 1- ЖД, кезеңділігі жылдық), «Теміржол көлігінің жылжымалы құрамы туралы есеп» (коды 181112175, индексі 2- ЖД, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысандары;

4) Байқау типі: жаппай;

5) Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірге (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау»

акпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Нысан соңғы рет 2017 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге - 2019 жылғы статистикалық нысандар - жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігіндегі статистикалық байқаудың объектілері жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, жылжымалы құрам, жол және жол шаруашылығы, тасымалданатын жүктердің сақталуы, тасымалдау қызметінен түскен қаржылық нәтижелер болып табылады.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Жаппай зерттеу.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалар және астана).

#### S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда теміржол көлігі бойынша зерттеу жыл сайынғы негізде 1991 жылдан бастап жүргізіледі. 1991-2018 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

#### S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептелінеді.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Бірлік

#### S.6 Есепті кезең

жыл

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы;
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары;
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары;
4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары;
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі;
6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары;
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі;

8. Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 шілдедегі № 145 бұйрығымен бекітілді.

#### S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

##### S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің күпиялылығына кепілдік және қорғау қамтамасыз етіледі;

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың күпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

##### S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

#### S.9 Жарияланымдар саясаты

##### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

##### S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.



### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің сайты [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz). Ресми статистикалық ақпарат > Жедел деректер(жедел ақпарат, бюллетендер)>Көлік.

### S.10 Тарату жиілігі

жыл

### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

#### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

#### S.11.2 Жарияланымдар

1) "Қазақстан Республикасындағы теміржол көлігінің қызметі туралы" статистикалық бюллетені ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің Интернет-ресурсында, Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) – Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетендер) – Көлік-Бюллетендер бөлімінде орналастырылған;

2) "Қазақстан Республикасындағы көлік" статистикалық жинағы ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің Интернет-ресурсында, Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) - Жинақтар, тоқсандық басылымдар, электронды кестелер, талдау - Статистикалық жинақтар бөлімінде орналастырылған;

Негізгі көрсеткіштер және динамикалық кестелер ҚР ҰЭМ Интернет-ресурсында, Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) – Көлік бөлімінде орналастырылған.

#### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық талдамалық жүйесінде орналасқан - Статистика бөлімдері - Көлік статистикасы.

#### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

#### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

#### S.11.5 Өзге де

#### S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

#### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) "Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 шілдедегі № 145 бұйрығымен бекітілді. ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылғы 2016 жылы 18 тамызда № 14124 болып тіркелді. Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсында "Әдіснама" - Көлік және байланыс статистикасы бөлімінде орналастырылған;

2) "Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл" төртінші басылым, толықтыру. Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған.

#### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.

3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты:

Сапа бойынша нұсқау;

Құжатталған рәсімдер;

Нұсқаулықтар;

Процесстер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 мамырдағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

#### S.13 Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Көлік статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;

- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматты- логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;

- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді.

### S.13.2 Сапаны бағалау

Теміржол көлігі бойынша зерттеу нәтижелерін нақтылығы және сенімділігіне қатысты жақсы деп бағалауға болады.

### S.14 Өзектілік

#### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Министрліктер, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар.

#### S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

#### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

#### S.15.1 Жалпы дәлдік

Теміржол көлігі статистикасы бойынша жалпымемлекеттік зерттеу ықтимал қателер азайтылған және бақылауда болатындай етіп қалыптастырылған. Сонда да зерттеу жүргізу кезінде, зерттеу аса мұқияттылықпен жүргізілген болса да, статистикада кездейсоқ қателер деп аталатын дәлсіздіктер болуы мүмкін. Мұндай қателерді статистикалық байқауды жүргізу кезінде Облыстық статистика департаменттері және Статистика комитеті анықтайды және түзетеді.

#### S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

#### S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

##### S.15.3.1 Қамту қатесі

###### S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

###### S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

##### S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

###### S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

###### S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

### S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

#### S.16.1 Уақыттылық

##### S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Нәтижелер жыл сайын қабылданатын Статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес бюллетеньдерде жарияланады.

##### S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер түпкілікті болып табылады.

## S.16.2 Ұқыптылық

### S.16.2.1 Ұқыптылық/ТРЗ

Деректер белгіленген заңнамалық тәртіппен жыл сайын бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

## S.17 Салыстырмалылық

### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында деректер салғастырмалы.

#### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша асимметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

### S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

1991 жылдан бастап жыл сайын жүргізіледі. 1991-2018 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

## S.18 Келісушілік

### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) алынған халықаралық ұсынымдарға (Германия Федеративті Республикасы және Дания Корольдігі) және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

### S.18.2 Ішкі келісушілік

Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 шілдедегі № 145 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 18 тамызда № 14124 болып тіркелді, ҚР ҰЭМ СК барлық құрылымдық бөлімшелерімен келісілген.

## S.19 Жүктеме

Респонденттің қалауымен деректерді жинау қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады. Онлайн-режимде деректерді жинау кезінде респондент үшін әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген.

Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және ұйғарынды ақпаратты бақылау қарастырылған.

Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды.

Басқа зерттеулермен қайталау жоқ.

## S.20 Деректерді қайта қарау

### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Қолданылмайды.

## S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

### S.21.1 Бастапқы деректер

Көлік статистикасы бойынша статистикалық ақпарат "Теміржол желісінің пайдаланымдылық ұзындығының қашықтығы және теміржол көлігінің жұмысы туралы есеп" 1-ЖД және "Теміржол көлігінің жылжымалы құрамы туралы есеп" 2-ЖД нысандары бойынша респонденттердің алғашқы есептерінің негізінде қалыптасады.

### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Теміржол көлігі статистикасы бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР ҰЭМ СК Интернет-ресурсында

([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын, статистикалық нысанды толтыру дұрыстығын тексеруді және статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды жақсарту мақсатында алғашқы деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде дұрыстықты тексеру анықталған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

### S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

### S.21.6 Түзету

Деректерді түзету тікелей статистикалық байқау жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

#### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

## S.22 Ескерту

Алдағы уақытта деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.